

БЕКІТІЛДІ

«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы-ректоры м.у.а.
Г.Бесбаевтың

2025 ж. « 21 » 03 № 7-нұ бұйрығы



**«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗУ
ФАКТИЛЕРІН НЕМЕСЕ ЫҚТИМАЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ
ХАБАРДАР ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

Шымкент, 2025 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Мақсаты және міндеттері	3
3. Қолдану аясы	3
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілерін немесе ықтимал бұзушылықтарды хабардар ету тәртібі	3
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламада көрсетілетін мәліметтер	4
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама беру арналары	4
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламаны қабылдау уақыты	6
8. Жауаптылық	6
9. Қорытынды	6

1. Жалпы ережелер

1.1. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (әрі қарай – университет) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтарды хабарлау жөніндегі нұсқаулық (әрі қарай – Нұсқаулық) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына, өзге де нормативтік-құқықтық актілер мен университеттің ішкі актілеріне сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Нұсқаулық «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілерін немесе ықтимал бұзушылықтарды хабардар ету тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты және міндеттері

2.1. Осы Нұсқаулықты енгізудің мақсаты – университетте сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы нөлдік төзімділікті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тиімді басқару.

2.2. Нұсқаулықты енгізудің міндеттері - қолданыстағы заңнамаға сәйкес университетте сыбайлас жемқорлық фактілерін немесе ықтимал бұзушылықтарды хабардар ету тәртібін тиянақтау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алған жағдайдағы іс-әрекет алгоритмін айқындау.

3. Қолдану аясы

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтарды хабарлау жөніндегі нұсқаулық нормалары атқаратын лауазымына және қызметтік өкілеттіктеріне қарамастан университеттің ұйымдық құрылымдары, филиалдары мен өкілдіктері жұмыскерлеріне және білім алушыларға қолданылады.

3.2. Университеттің Басқарма төрағасы-ректоры, Басқарма мүшелері, жұмыскерлері мен білім алушылары Нұсқаулықпен танысқан сәттен бастап оны сақтау бойынша міндеттеме алады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілерін немесе ықтимал бұзушылықтарды хабардар ету тәртібі

4.1 Дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие университеттің жұмыскері немесе білім алушысы бұл туралы Басқарма төрағасы-ректорға, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне, не өзі

жұмыскері болып табылатын құрылымның басшысына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар беруге міндетті.

4.2. Университеттің Басқарма төрағасы-ректор, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жетекшісі, өзге де құрылым басшысы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі немесе ықтимал бұзушылық туралы келіп түскен хабар бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қабылдауға міндетті.

4.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзу фактісі немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне мән-жайды анықтау үшін жолданады.

4.4. Хабарламаны көрсетілген мерзімде жолдау мүмкін болмаған жағдайда (іссапарда болуына немесе еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жетекшісі немесе комплаенс-офицеріне қызметкер жұмыс орнына келгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде жолданады.

4.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі хабарламаны алған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Басқарма төрағасы-ректорға:

- анықталған мән-жайлар бойынша қызметтік тексеру тағайындау;
- Әдеп бойынша кеңес мәжілісінде қарау;
- материалдарды құзіреттілігі бойынша сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға жолдау туралы және (немесе) қолданыстағы заңнама аясында өзге де ұсыныс береді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламада көрсетілетін мәліметтер

5.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламада көрсетілетін мәліметтер:

- хабарлама берушінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы немесе мәртебесі (қызметкер, білім алушы, үшінші тұлға, заңды өкіл, т.б.);
- заңды/ тұрғылықты мекен-жайы, телефон номері;
- университет қызметкерінің аты-жөнін көрсете отырып, дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық фактісі немесе ықтимал бұзушылық туралы өзіне мәлім мән-жай;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа немесе ықтимал бұзушылыққа қатысы бар өзге де адамдар туралы мәлімет;
- қосымша дәлелдемелер (бар болған жағдайда);
- хабарламаны беру күні, айы, жылы, қолы және қолданыстағы заңнама нормаларына қайшы келмейтін өзге де мәліметтер.

5.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 88-бабында көрсетілген

негіздер орын алған жағдайда, хабарламаны (арыз, өтініш, хабарлама) қарау бойынша рәсім тоқтатылуға жатады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама беру арналары

6.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама төменде көрсетілген құрылымдық бөлімдер, лауазымды тұлғалар және байланыс арналары арқылы қабылданады.

6.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның Call-орталығы – 14-24 номері.

Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінде (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Call-орталық жұмыс істейді, оның негізгі міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша азаматтарды тегін консультациялық қолдау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы телефон хабарламаларын қабылдау болып табылады.

Азаматтарға кеңес беру:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке кіру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өндірісіндегі өтініштер мен хабарламаларды қарау барысы туралы;
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер.

Хабарламаларды қабылдау:

- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, соның ішінде жасалған немесе дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы;
- кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау мәселелеріне қатысты;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен іздеудегі адамдар туралы мәліметтер;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметіне қатысты (пікірлер, ұсыныстар).

Ескерту: Call-орталығына қоңырау шалу тегін.

6.3. Өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары.

6.4. Қолжетімді мемлекеттік органдарға өтініш беру платформалары (e-Otinish).

6.5. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі:

- мекен-жайы: Шымкент қаласы, Тәуке хан 5, бас ғимарат, 121 кабинет;

- ұялы байланыс номері - 7 705 285 83 22 номері, сондай-ақ, комплаенс-қызметіне көрсетілген номерге қосылған WhatsApp мессенджері және әлеуметтік желі парақшалары арқылы хабарлама жолдап, комплаенс-офицермен байланысуға болады.

6.6. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Құжаттамалық қамтамасыз ету және азаматтардың жолданымдары» басқармасы:

- мекен-жайы: Шымкент қаласы 5, «В» ғимараты, 213 кабинет, индекс 160012.

- телефон номері: +7 72 52 21 -01-41.

- электронды почта адресі: info@aeuzov.edu.kz , canselyarya@mail.ru .

6.7. Басқарма төрағасы-ректордың немесе қызмет бағыты бойынша Басқарма мүшелерінің жеке қабылдауы және қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған өзге де байланыс арналары мен құралдары.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламаны қабылдау уақыты

7.1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Call-орталығының жұмыс кестесі:

• Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша азаматтарды ақпараттандыру және кеңес беру:

Дүйсенбі – Жұма 09: 00-20:00

Сенбі 09:00-13:00

Жексенбі – демалыс.

7.2. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің және лауазымды тұлғалары мен ұйымдық құрылымдарының жұмыс уақыты:

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша азаматтарды (жұмыскерлер мен білім алушыларды) ақпараттандыру және кеңес беру:

Дүйсенбі – Жұма 09: 00-18:00

Сенбі, жексенбі – демалыс.

8. Жауаптылық

8.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі немесе ықтимал бұзушылық туралы көрінеу жалған ақпарат беру - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартуға негіз болып табылады.

9. Қорытынды

9.1. Нұсқаулық университет басшылығы мен жұмыскерлерінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің бастамасымен қайта қаралуы мүмкін.

9.2. Осы Нұсқаулыққа қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары мен университеттің ішкі актілеріне сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЛӘМБЕТІ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЛӘМБЕТІ
КОМПАНИАСЫ ІШКІ ҚІЗМЕТ ҚАҢАШАСЫНДА
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ
ӘКТИВТІК НЕМЕСЕ ПАССИВТІК БУЛЖЫМДЫҚТАРДЫ
ХАБАРДАР ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ